KOZYBAYEV UNIVERSITY

ПАРАСАТ

№8(12), 15.09.2022

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЁТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА

АҚШ елшілігі Қозыбаев университетін құттықтады!

Kozybayev University мен @uarizona университеттерін қос диплом бағдарламасы іске қосылуымен шын жүректен құттықтаймыз!

АҚШ-пен Қазақстанның жоғары білім саласындағы серіктестік жобалары Қазақстанның экономикасын дамытып әртараптандыруға жәрдемдеседі.

***

Kozybayev University и @uarizona с запуском программ двойных дипломов в Казахстане! Партнёрские проекты Соединённых Штатов и Казахстана в области высшего образования помогают развивать и диверсифицировать экономику Казахстана.

***

Congratulations to Kozybayev University and @uarizona on the start of dual degree programs in Kazakhstan! Higher education partnerships between the United States and Kazakhstan help develop and diversify Kazakhstan's economy.

Қазақстандағы АҚШ елшілігі
/ U.S. Embassy in Kazakhstan
/ Посольство США в Казахстане

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ

2022 жылдың 6 қыркүйегінде Петропавл қаласындағы Қозыбаев университетінде Аризона университетімен бірлесе екі диплом бойынша оқыту бағдарламасының сал-танатты ашылу рәсімі өтті.

Іс-шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов, АҚШ Елшілігінің және Аризона университетінің өкілдері, сонымен қатар студенттер мен олардың ата-аналары қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсыр-масын жүзеге асыру үшін 2021 жылы Манаш Қозыбаев атындағы СҚУ мен Аризона университеті арасында меморандум жасалды.

2022 жылдың 6 қыркүйегінде екі диплом бойынша оқыту бағдарламасының ашылу салтанаты өтті. Яғни, енді қазақстандық студенттер Kozybayev University және University of Arizona дипломдарын ала алады.

Салтанатты іс-шарада ҚР ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек студенттер мен жоо-ның оқытушыларын халық-аралық бағдарламаның ашылуымен құттықтады.

«Құрметті студенттер және оқытушылар, сіздерді осын-дай маңызды күнмен және оқу жылының басталуымен құттықтаймын. Сіздер еліміздің дамуына өз үлестеріңізді қосасыздар деп сенемін. Мықты экономика құру үшін жоо-лардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды екенін білесіздер. Осы мақсатта Президенттің тапсырмасы бойынша министрлік 2025 жылға дейін 5 шетелдік университеттің филиалын ашу жұмыстарын жүргізуде. Олардың бірі – бүгін қазақстандық студенттер үшін есігін ашқан Аризона университеті», – деп атап өтті Саясат Нұрбек.

Сонымен қатар, Ари-зона университетінің вице-президенті Лизл Фолкстың айтуынша, студенттерге екі бірдей жоо-ның оқытушылары мен профессорлары дәріс береді. Ең сәтті тұстардың бірі – қос диплом бойынша түскен студенттер 4 курста Аризона университетінің кампусында оқу мүмкіндігін алады. Дәл осы бағдарламалар бәсекеге қабілетті

(Соңы 3-бетте).

(Соңы. Басы 2-бетте).

студенттерді даярлауға мүмкіндік береді.

Бірлескен бағдарламалар бойынша оқыту үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде IT, инженерия, агротехнология мен биотехнология салаларында гранттармен қарас-тырылады.

Екі диплом бойынша оқытатын халықаралық бағдарламаларға 170 бала түсті.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми ақпараты.

МИНИСТР САЯСАТ НҰРБЕК ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСІП, МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Солтүстік Қазақстан облысына сапары аясында М.Қозыбаев атындағы өңірлік жоғары оқу орнының оқытушы-ларымен және қызмет-керлерімен кездесіп, Мем-лекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әді-летті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауын талқылады.

Кездесудің негізгі тақырыбы жоғары білім беру саласы және оның дамуы болды. Министр Саясат Нұрбек қазірдің өзінде бірнеше өзгерістер жоспарланғанын атап өтті.

«30 жыл ішінде ғылым мен жоғары білім беру саласы қаржыландыру, инфра-құрылым, ресурстар, сон-дай-ақ білім беру сапасы тұрғысынан өзгерді. Биыл 7 өңірдің балалары Қозыбаев университетіне оқуға түсуге келді. Бұл өте жақсы үрдіс. Бірнеше жыл ішінде алғаш рет аймақтан кететін түлектердің пайызы төмен. Қос диплом бағдарламасы қарқын алған кезде, қала, өңір мен елдің дамуына өз үлесін қосатын талантты студенттер үшін тартылыс нүктесіне айналады», – деп бөлісті Саясат Нұрбек.

Сонымен қатар, министр студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәсе-лелерін қалай шешу жоспарланғанын, эндаумент-қорлар не үшін қажет екенін, сараланған гранттар қалай бөлінетінін және т.б. түсіндірді.

Іс-шара ашық диалог форматында өтті. Министр университет ұжымының аккредиттеудің жаңа стан-дарттары мен педагогтар мәртебесіндегі өзгерістер туралы сұрақтарына жауап берді.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми ақпараты.

ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ИДЕЯ МЕН ҰСЫНЫС ОСЫЛАЙ ТУҒАН ЕДІ

2021 жылғы «Nur Otan» (қазіргі «Amanat») партиясының праймеризіне Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаттығына үміткер ретінде тіркелген қатысушы, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті «Журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты (PhD), қауымдастырылған профессор (of Associate Professor) ЖАҚЫП Мырзантай Қожабайұлымен сұхбат.

Сұрақ:

Құрметті Мырзантай Қожабайұлы! Бүгінде біздің Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің халықаралық мәртебесі көтеріліп, АҚШ-тағы Аризона университетімен тығыз қарым-қатынас орнатып жатқаны белгілі.

Жалпы Қозыбаев университетіне халықаралық мәртебе беру туралы идея мен бастаманың авторы Сіз өзіңіз деп естідік. Осы жөнінде айта кетсеңіз.

Жауап:

Иә, өте дұрыс айтасыз. Мен 2020 жылдың көктемінде «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Нұр-Сұлтан қаласынан Петропавл қаласына қоныс аударып келдім.

2020 жылы қыркүйек айында өткізілген «Nur Otan» (қазіргі «Amanat») партия-сының праймеризіне қатысып, Петропавл қаласына еліміздің түкпір-түкпірінен та-лантты жастарды оқуға және жұмысқа көбірек тарту үшін Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан универ-ситетіне халық-аралық мәртебе беру туралы ұсынысы-мызды ортаға салған едік. Мұндай ұсынысты неге айттым?

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде он жыл бойы магистранттарға «Геобрендинг» пәнінен лекция оқыдым.

Геобрендинг дегеніміз – қазіргі заманғы даму стратегияларының өзекті бағыттарының бірі. Геобрендинг жекелеген аумақтық құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды мақсат етеді.

Бүгінгі таңда геобрендинг мәселесін өзекті етудің негізгі себептерінің бірі – қалалардың қарқынды дамуы және олардағы халық санының белсенді өсуі.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтерін келтірейін.

Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының саны 2022 жыл басында – 537 048 адам болса, 2022 жылдың 1 шілдесіндегі саны – 534 046 адам болды.

Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының жалпы өсімі 3 002 адамға, табиғи өсімі 446 адамға азайып, көші-қон айырымы 2 556 адамды құрады. Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының өсім қарқыны, %-бен -0,56 пайызға азайып кетті.

Ал Петропавл қаласы тұрғындарының саны 2022 жыл басында – 219 445 адам болса, 2022 жылдың 1 шілдесіндегі саны – 219 141 адам болды.

Петропавл қаласы тұрғындарының жалпы өсімі 304 адамға, табиғи өсім 166 адамға азайып, көші-қон айырымы 138 адамды құрады.

Алғашқы кезде жергілікті билік орындары мен білім-ғылым саласына жауапты мемлекеттік уәкілетті ұйымдар бұл идеямызға немқұрайды қарауға тырысқанымен, Назарбаев Университетінің тәжірибесі негізінде Петропавл қаласында озық деңгейлі жоғары оқу орнын ашу туралы біздің бастамамыз «Nur Otan» (қазіргі «Amanat») партиясының сайлауалды бағдарламасына енгізілген соң, Үкімет тарапынан нақты істер қолға алына бастады.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген.

Жетекші шетелдік ЖОО филиалдарының саны – 5 болу;

Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша екі өңірлік ЖОО-ны құру керектігі айтылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 294 қаулысымен «Солтүстік Қазақстан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» жаңа редакцияда бекітілген.

Бұл кешенді жоспар алғаш рет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 қыркүйектегі № 562 қаулысымен бекітілген.

Осы қаулымен:

-М.Қозыбаев ат. СҚУ 600 орындық екі студенттік жатақхана салу;

-М.Қозыбаев ат. СҚУ студенттік жатақ-ханаларына (№ 1, 2, 4) күрделі жөндеу жүргізу;

-М. Қозыбаев ат. СҚУ № 2, 3, 4, 6, 7 оқу корпустарына күрделі жөндеу жүргізу;

- М. Қозыбаев ат. СҚУ «Академиялық шеберлік орталығын» құру;

(Жалғасы 5-6-беттерде).

- М. Қозыбаев ат. СҚУ-ға технопарк, ғылыми орталықтар құру;

- Шетелдің жоғары оқу орындарынан Қазақстанның жоғары оқу орындарына ауысатын студенттерге қосымша гранттар бөлу;

- М. Қозыбаев ат. СҚУ контингентінің 10 мың студентке дейін көбеюі жоспарланған.

Бүгінде Қозыбаев университетінің 12 қабатты жаңа оқу-зерттеу кешендік ғимаратының құрылысы қызу жүргізіліп жатыр. Бұл жаңа кешенде 70-тен астам оқу зертханалары орналасады деп жоспарланған.

Сұрақ:

2022 жылдың 11 қаңтарында Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде:

«2025 жылға дейін елімізде беделді шетелдік университеттердің кем дегенде 5 филиалын ашу қажет деп санаймын», - деген болатын.

Осындай шетелдік университеттердің филиалын біздің Петропавл қаласында ашу мәселесіне қалай қарайсыз?

Жауап:

Өткен жылдың көктемінен бастап АҚШ-тағы Аризона университетінің өкілдері бірнеше рет Петропавл қаласына бірнеше рет келіп қайтты.

Қазіргі кезде М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің базасында қазіргі таңда Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі (Назарбаев Университетінің басқаруымен) және Технология және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебі (АҚШ Аризона университетінің басқаруымен) құрылды.

2021 жылғы қараша айының бас кезінде «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы – Ректоры Ерлан Нұрлыбекұлы Шуланов ҚР Білім және ғылым министрлігінің арнайы жұмыс тобының құрамында АҚШ-қа іссапармен барып, Аризона университетінің Президенті Dr. Robert Robbins мырзамен кездесті.

Ерлан Шуланов Аризона университетінің басшылығына Қозыбаев университетінде заманауи үлгідегі ғылыми-зерттеу ғимараты мен екі жатақхана құрылысы қызу жүргізіліп жатқанын жеткізіп, америкалық әріптестерді біздің жоғары оқу орнымыздың барлық оқу корпустары мен жатақханаларын күрделі жөндеуден өткізу жоспарланып отырғанымен хабардар етті.

Алдағы уақытта Қозыбаев университеті үшін Петропавл қаласында тағы бір ғимарат салынуы мүмкін.

Осылайша, талантты жастарымызға Қазақ-Американ қосдипломдық жоғары білім беру беру үшін дайындық мектептерін құру мүмкіндігіне жол ашылып отыр.

Аризона университетінің (АҚШ) өкілдері біздің Қозыбаев университетінің факультеттерімен, профессорлық-оқытушылық құрамымен, ғылыми орталықтарымен жан-жақты танысқаннан кейінгі алған оң әсерлерімен бөлісіп, өзара серіктестік орнату жөніндегі келісімдерін растады және өздерінің білім-ғылым саласындағы мүмкіндіктерін де кеңінен ортаға салды.n

Қозыбаев университетінің басқарма төрағасы – ректоры Ерлан Шуланов пен жұмыс тобының мүшелері Аризона университетінің инфрақұрылымымен және гидрология, геоғылым, білім, жаратылыстану факультеттерімен, профессор-оқытушылар құрамымен танысты.

Аризона университеті – Америка Құрама Штаттарындағы алдыңғы қатарлы зерттеу жоғары оқу орындарының бірі ретінде әлемдегі ең үздік университеттердің ТОП-100 қатарына кіреді.

Аризона университетінің кампусы Тусон қаласында орналасқан және тікелей өзіне тиесілі екі жүзден астам ғимараттары, жеке ауруханасы, полициясы, үлкен стадионы бар. Яғни барлық қажетті инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілген.

Аризона университетінде 46 мыңнан астам студент білім алады, 11 000 адам жұмыс істейді.

2022 жылғы 15 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы № 225 қаулысы қабылданды.

Үкіметтің осы қаулысымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ) мемлекеттік акциялар пакетінің 100 (жүз) пайызын 10 жыл мерзімге АҚШ-тың Аризона университетіне кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беруді жүзеге асыру тапсырылды.

«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ-ны сенімгерлік басқаруға беру туралы шартта мынадай талаптар көзделген:

1) құрамына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Аризона университетінің, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің өкілдері, «М. Қозыбаев атындағы

(Соңы 6-бетте).

СҚУ» КеАҚ атқарушы органының басшысы, сондай-ақ тәуелсіз директорлар кіретін Директорлар кеңесі «М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ басқару органы болып белгіленді;

2) «М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес іске асырылатын білім беру бағдарламалары, шетелдік аккредиттеу агенттіктері аккредиттеген, Аризона университетімен бірлескен білім беру бағдарламалары мен қос дипломды бағдарламалар негізінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсынуды қамтамасыз етеді;

3) «М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ-ның тәрбие процесіне жауапты басқарма мүшесін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тағайындайды деп айқындалды.

Білім беру процесі мемлекеттік, ағылшын және орыс тілдерінде ұйымдастырылып, «М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ профессорлық-оқытушылық құрамының жалпы санының кемінде 30 %-дық үлесін құрайтын Аризона университетінің профессорлық-оқытушылық құрамы тартылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдайды.

Тиісінше екіжақты Келісімге қол қойылып, Манаш Қозыбаев Солтүстік Қазақстан университеті АҚШ-тың Тусон қаласындағы Аризона университетінің сенімгерлік басқаруына беріледі.

Қазіргі мәліметтер бойынша Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті АҚШ-тың Аризона университетінің қарамағына бірден толық өткізілмейді, келісім белгілі бір мерзімге жасалады.

Келісімге қол қойылғаннан кейін Қозыбаев университетіне профессор-оқытушыларды жұмысқа қабылдауға арналған конкурстарды американдық тараппен бірлесіп өткізу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Қозыбаев университетінің студенттеріне ағылшын тілін тереңірек үйрету үшін американдық студенттерді Петропавлда тағылымдамадан өтуге шақыру, ал біздің талантты жастарымызды АҚШ-қа оқуға жіберу мәселелері де қарастырылған.

Биылғы жылдың қыркүйек айынан бастап Қозыбаев университетінде студенттерімізді академиялық ағылшын тілінде сөйлеп, жаза білуге үйрететін дайындық мектептері жұмыс істей бастады.

Бүгінде АҚШ-тағы Аризона университетінде небары 10 қазақ студенті ғана білім алып жүр екен.

Қазір Қозыбаев университетін Аризона Университетіне сенімгерлік басқаруға беру туралы Келісімге қол қоюмен аяқталуы тиіс заңды-құқықтық рәсім жүріп жатыр.

Студенттеріміз Қозыбаев университетінің оқытушылары оқытатын және бір семестр бойы Аризонаға барып, сондағы капуста оқитын болады.

Осы мақсатта жыл сайын 1500 грант бөлінеді. Аталған студенттер Қозыбаев университетінің және Аризона университетінің қос дипломын иеленеді.

Бұл – Қазақстанда бұрын-сонды болмаған тұңғыш тәжірибе!

Болашақта осы әлемдік жоғары оқу орнында Петропавл қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің үздік студенттері де білім алатын болады!

Осылайша, Қозыбаев университетінің материалдық-техникалық мүмкіндіктерін күшейту, профессор-оқытушылар құрамының еңбек жалақысын көбейту, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсат етілген.

Ең бастысы – Қозыбаев университетінде жаңа жұмыс орындарын ашып, еліміздің түкпір-түкпірінен мықты мамандарды қызметке тарту арқылы Петропавл қаласын жастар үшін ерекше тартымды білім-ғылым

(Соңы. Басы 4-бетте).

орталығына айналдыру көзделіп отыр.

Міне, осылайшы екі жыл бұрын айтылған Петропавл қаласындағы Қозыбаев университетінің негізінде Халықаралық жоғары оқу орнын құру туралы идеямыз бен ұсынысымыз бүгінде нақты жүзеге асырылып жатқанына куә болып отырмыз!

2022 жылдың 06 қыркүйегінде Қозыбаев университеті мен АҚШ-тағы Аризона университетінің бірлескен халықаралық білім бағдарламалары салтанатты түрде іске қосылды.

Алдағы үш-төрт жылда Қозыбаев университеті халықаралық жоғары оқу орнына айналатынына сенімііміз мол!

Сұхбатты жазып алған:
Наталья ХАЛИНА,
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті «Журналистика» кафедрасының 3-курс студенті.

ҚОЗЫБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Палаталарының бірлескен отырысында ел халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын жолдады. Онда 4 негізгі бағдар көтерілді.

Президент бастаған маңызды мәселелердің бірі – білім беру жүйесі. Сондай-ақ, жоғары оқу орындарының білім сапасы артқан сайын ондағы оқу ақысының өсетінін де түсіндірді: «Сондықтан мемлекет ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесіне және басқа да көрсеткіштерге байланысты білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлуді жоспарлап отыр. Оның көлемі 30-дан 100 % аралығында болады. Білім алуға жылдық өсімі 2-3 % болатын жеңілдетілген несие де беріледі», - деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айту-ынша, қабылданып жатқан шаралар жоғары білім беруді қолжетімді етеді, сонымен қатар

(Соңы 7-бетте).

(Соңы. Басы 6-бетте).

қоғамдағы серіктестік пен өзара жауапкершілік идеологиясын күшейтеді.

Келесі маңызға алатын жайт – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесін қозғады: «Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серік-тестік орнату тәсілін барынша енгізу керек. Студенттердің жекелеген, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін пәтер жалдауға кететін шығынын субсидиялау мүмкіндігін де қарастыруға болады. Жоғары оқу орындары жанындағы эндаумент-қорлар білім беру экожүйесін дамытудың негізгі буынына айналуға тиіс», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Білім ордамыздағы басқосудың мақсаты мемлекет басшысының тарихи құжатта аталған ел дамуының басты басым бағыттары мен түйінді бастамаларын талқылау, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz

Министр Саясат Нұрбек білім саласындағы өзгерістерді мәлімдеді

Саясат Нұрбек.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек университет оқытушыларымен және қызметкерлерімен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауын талқылады. Негізгі тақырып еліміздегі жоғары білім беру саласы мен оның дамуы.

Саясат Нұрбектің айтуынша: «Қазірдің өзінде бірнеше өзгерістер жоспарланған. Басты себептердің бірі – 30 жыл ішінде ғылым мен жоғары білім саласын қаржыландыру, инфрақұрылым, ресурстар және білім сапасы тұрғысынан өзгерді».

Министр студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселелерін шешу жоспарланып отырғанын, эндаумент қорлары не үшін қажет екенін, сараланған гранттар қалай бөлінетінін және т.б. түсіндірді.

Сондай-ақ, ол ғылымды дамытып, кеңінен насихаттауға баса назар аудару керектігін айтты.

«Биыл мұнда 7 аймақтан өтініш білдірушілер келген. Бұл өте жақсы көрсеткіш. Алғаш рет өңір мектептерін бітірген түлектердің өзге елдің оқу орнын таңдау пайызы төмендеді. Қос диплом бағдарламасының жүзеге асуы, жастарды тартуда үлкен серпін береді», – деді

Шара барысында университет ұжымын негізінен жаңа аккредиттеу стандарттары мен оқытушылар мәртебесін өзгерту мәселелері қызықтырды.

Тарихшы Ілияс Қозыбаевпен кездесу

Оқу ордамызға тарих ғылымдарының докторы Ілияс Қозыбаев келді. Белгілі ғалым – 2003 жылдан бастап университетімізге есімі берілген Манаш Қозыбаевтың ұлы. Бүгінде біздің университет ұлы академиктің есімін мақтанышпен ұлықтап келеді.

Ілияс Манашұлы университет басшылығымен кездесіп, оқу корпустары бойынша экскурсия жасап, Басқарма Төрағасы – Ректор Ерлан Шулановпен бірқатар тақырыптарды қозғады. Олардың ішінде Қозыбаев университетінің даму болашағы, білім беру бағдарламалары мен студенттік қалашықты жаңғырту, жаңа оқу-зертханалық корпустың ашылуы, Аризона университетімен ынтымақтастық туралы талқыланды.

Атап өткен жөн, біздің жоо-да аграрлық сала мен биотехнологтарды даярлауға ерекше көңіл бөлінеді. Бұған Агротехнологиялық факультет зертханалары нақ дәлел.

Келесі нысан қатарында Манаш Қозыбаевтың залы орналасқан, қалпына келтірілген мұражай кешені болды. Қазіргі кезде жаңартылған көрмелер мен заманауи технологиялар студенттер мен келуші қонақтардың үлкен қызығушылығын тудырады.

Жиын соңында тарихшы, университет кітапханасына Қазақстанның көрнекті тарихи тұлғаларына арналған кітаптарын сыйға тартты.

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz

Историк Ильяс Козыбаев в Kozybayev University

Наш вуз посетил известный ученый, доктор исторических наук Ильяс Козыбаев. Он является сыном М.К. Козыбаева, имя которого с 2003 года с гордостью носит наш университет.

Ильяс Манашевич встретился с руководством университета. Перспективы развития Kozybayev University, модернизация образовательных программ и студенческого кампуса, открытие нового учебно-лабораторного корпуса, коллаборация с Университетом Аризоны – вот темы, которые обсудили с председателем Правления – Ректором Ерланом Шулановым.

Для гостя провели экскурсию по корпусам вуза. Подготовке аграриев и биотехнологов в нашем вузе уделяется пристальное

Для гостя провели экскурсию по корпусам вуза. Подготовке аграриев и биотехнологов в нашем вузе уделяется пристальное внимание. В этом смогли убедиться, познакомившись с лабораториями АФ. Следующим объектом посещения стал отреставрированный музейный комплекс, где имеется зал Манаша Козыбаева.

Благодаря современным технологиям презентации выставочных материалов и дизайну, музей пользуется большим интересом у студентов и гостей. Также в дар библиотеке вуза И. Козыбаев преподнес свои книги, посвященные видным историческим личностям Казахстана.

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz

Ключевые аспекты Послания Президента обсудили с министром науки и высшего образования

Министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек встретился с преподавателями и сотрудниками вуза.

Они обсудили Послание Касым-Жомарта Токаева «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество».

Основной темой стала сфера высшего образования и ее развитие в стране. Саясат Нурбек заявил, что уже запланировано несколько изменений: «Одна из главных причин заключается в том, что за 30 лет сфера науки и высшего образования изменилась с точки зрения финансирования, инфраструктуры, ресурсов, а также качества образования».

Министр объяснил, как планируется решать проблемы обеспечения студентов общежитиями, для чего нужны эндаумент-фонды, как будут распределяться дифференцированные гранты и т.д. Также он отметил, что необходимо уделять особое внимание развитию и популяризации науки.

«В этом году из 7 регионов приехали поступать сюда. Это очень хорошая тенденция. Впервые процент уезжающих выпускников из региона ниже. Когда программа двойных дипломов наберет свои обороты, то город станет точкой притяжения», - поделился Саясат Нурбек.

Мероприятие прошло в открытом формате диалога. Коллектив университета в основном интересовали вопросы новых стандартов аккредитации и изменений в статусе педагогов.

Читайте новости Kozybayev University первыми на сайе ku.edu.kz

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz

Старт программ двойных дипломов с Университетом Аризоны

Долгожданный запуск программ обучения по двойным дипломам с Университетом Аризоны состоялся в альма-матер. Напомним, проект стартовал в прошлом году с целью реализации поручения Главы государства по открытию в Казахстане филиалов авторитетных зарубежных вузов.

Был заключен меморандум между университетами Аризоны, Kozybayev University и Министерством образования и науки РК.

Обучение на совместных программах предусмотрено по грантам на трех языках – английском, казахском и русском, по направлениям: IT, инженерия, агро- и биотехнологии.

Ключевым моментом является программа получения казахстанскими студентами двойного диплома: Kozybayev University и оригинального диплома University of Arizona.

- Сегодня очень важный этап в истории нашего университета – начало двудипломных программ по международным стандартам с Университетом Аризоны. Я всегда говорил о том, что этот проект даст мультипликативный

(Окончание на 10-стр.).

(Окончание. Начало на 9-стр.).

эффект для развития региона. И сегодня мы набрали уже 170 новых студентов, которые приехали со всей страны.

В наших планах – довести количество студентов нашего вуза до 10 тысяч. Наша область должна стать магнитом для притяжения молодых кадров, - отметил аким Северо-Казахстанской области Кумар Аксакалов.

В торжественном мероприятии приняли участие министр науки и высшего образования РК, партнеры из Университета Аризоны, студенты, их родители и работодатели.

Министр науки и высшего образования Саясат Нурбек обратился к студентам:

«Вы сделали правильный выбор! Этот университет станет новой точкой роста. Впервые открывается полноценный кампус американского университета.

Университет Аризоны в последние 5 лет входит в рейтинг самых инновационных вузов США. 1700 ППС работают там, в том числе 5 Нобелевских лауреатов, 7 лауреатов Пулитцеровской премии.

Вы будете изучать предметы на английском языке, будете в прямом контакте с лучшими педагогами...

Работа по повышению конкурентоспособности высшего образования будет продолжаться».

Важным аспектом стало подписание договоров о сотрудничестве с Университетом Аризоны.

Лизл Фолкс, вице-президент University of Arizona, сообщила, что считает одним из самых успешных направлений данной международной программы то, что студенты, поступившие по двойному диплому, смогут во время 4 курса посетить кампус университета Аризоны и пройти там обучение. Все это позволит подготовить конкурентоспособных специалистов.

Всего на двудипломные международные программы поступили 170 ребят со всей страны. В этот день им были вручены памятные брендовые подарки с участием маскотов (персонажей-талисманов) двух университетов.

Председатель Правления – Ректор Kozybayev University поблагодарил руководство СКО и МНВО, а также коллектив и обучающихся за всестороннюю поддержку амбициозного проекта.

«Дорогие студенты, вы самые лучшие! Вы выбрали, действительно, свой университет. Образование – это пропуск в будущее, ибо завтрашний день принадлежит тем, кто готовится к нему сегодня», - заключил Ерлан Шуланов.

Также для участников мероприятия была проведена экскурсия по научным центрам нового учебно-лабораторного корпуса нашего университета, где впоследствии будут обучаться студенты международных программ.

Данный проект позволит поднять на новый уровень бренд Kozybayev University, создаст возможность получать зарубежное образование, не выезжая за пределы СКО, а также увеличит приток талантливой молодежи, обеспечит их квалифицированными кадрами.

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz

В путь новым знанием

“Будь студентом, пока тебе еще есть чему учиться, а это будет значить всю твою жизнь”, - сказал Генри Латам Доэрти. Так начался новый учебный год в стенах университета. Где в очередной раз студенческая жизнь заиграет новыми красками – аудитории будут переполнены, а столовые греметь от бурных обсуждений впечатленных первокурсников.

В Kozybaev University торжественно встретил новых студентов. Так в этом году к нам поступили более 1200 первокурсников, которые готовы открывать новые горизонты в своих профессиональных качествах.

В мероприятии приняли участие студенты-активисты и преподаватели. Член Правления по академическим вопросам Рената Апергенова рассказала, какие положительные аспекты ждут

обучающихся и что стоит ждать в новом учебном году.

Помимо торжественногодня Знаний и концертной программы, первокурсникам провели экскурс по их факультетам, кафедрам и примечательным местам ВУЗа. О том, как развивается студенческое самоуправление, и какие концерты проводят в стенах университета, рассказала Асель Баймульдинова, министр студентов ФИЭП.

На следующий день студентам предстоял языковой выбор, где юные умы показали, как владеют языковыми коммуникациями.

Олег КОСИНОВ

Читайте новости Kozybayev University первыми на сайе ku.edu.kz

Новый «Парасат»

Вот уже больше года будущие акулы пера «Kozybayev University» самостоятельно работают над двуязычной программой «Парасат», транслирующийся на главном региональном телеканале.

Раньше большая часть работы над студенческой передачей лежала на плечах одноименного университетского медиа-центра.

Но в прошлом учебном году все изменилось. Теперь бразды правления только в руках студентов. Такие новшества внесли свои коррективы в учебный процесс будущих журналистов.

С ролью корреспондентов ребятам справляться было не так сложно. Ведь с первых дней учебы их учили именно этому. Быть в кадре, общаться с людьми и писать текста.

Сложнее было с технической реализацией телевизионной программы. Кафедре нужны были операторы.

Всего за две недели пару энтузиастов научились обращаться с непростым оборудованием и готовить сюжеты на ТВ. Чтобы подробнее узнать о том, как же это было мы пообщались с ними лично.

• Мне еще со школы нравилось снимать и монтировать видеоролики, поэтому я ещё тогда начал формулировать собственный стиль и вкус к качеству картинки, - поделился первооткрыватель среди операторов нового «Парасата» Олег Косинов, - Но главный толчок к творческому процессу, я получил работая в для телеканала "Кызылжар", где мне показали, как правильно снимать, какой ракурс лучше брать и почему визуальное качество важно в зрительском плане.

Огромные творческие успехи четверокурсника отмечают как монтажёр и

(Окончание на 12 стр.).

специалисты медиа-центра, так и редакторы «Кызылжара». Всего за один год работы Олега мало отличаются от сюжетов бывалых операторов с многолетним стажем.

-Путём просмотра работ своих коллег и улучшения навыков, я стал наращивать потенциал и делиться опытом с другими студентами, которые тоже хотели себя проявить в этой сфере.

Одна из таких желающих - студентка третьего курса кафедры Наталья Халина. Как и ее наставник, искусством съёмки девушка начала увлекаться ещё за школьной скамьёй. Утолить интерес и порыв к творчеству так же удалось в университете.

• На кафедре я познакомилась с Олегом, который меня и научил пользоваться камерой, - вспомнила девушка, - Он объяснял мне, как снимать людей, перебивки, что должно быть в кадре, что лучше взять за его основу , правила восьми, воздух и многое другое. Было очень интересно наблюдать за тем, как человек уже с опытом(пусть и не большим) делает свою работу. Когда я в первый раз одна пошла на съёмку, было очень страшно. Я чувствовала себя неуверенно, переживала о качестве кадров, о звуке. Меня даже в пот бросило, хотелось пить, зареклась,что больше не буду этим заниматься. Но в конце, журналист, что был со мной, похвалила кадры.

Так, на тот момент ещё второкурсница Наталья Халина и начала свой путь оператора. Сегодня они с Олегом чаще других стоят у камеры.

Ребята признаются, нарастить потенциал им помогла критика и обмен опытом.

Отрадно, что все ещё находясь в статусе студентов у нас есть возможность

(Окончание. Начало на 11-стр.).

открывать для себя новые горизонты. Без ложной скромности следует отметить, что именно журналисты наиболее практикоориентированы среди студентов СКУ. Уже к третьему курсу 90 процентов ребят буквально «расхватывают» местные СМИ. Все это благодаря дуальному обучению.

На сегодня порядка десяти студентов обладают навыками операторов, двое уже работают на телевидении. В создании телевизионной программы и выпуске газеты участвуют все без исключения студенты кафедры, порядка 20 человек работают по специальности.

Вот так доверие преподавателей и администрации вуза повлияло на обучающихся.

Карина Негметова

Профессия как хобби

Ещё с детства нас учат тому, что человек должен любить свою профессия, ведь без энтузиазма трудно создавать себя и добиваться успехов.Герой нашей статьи настолько влюблен в свое дело, что заражает своими идеями многих.

Ренат Ташкинбаев: «Каждый год преподносит мне сюрпризы и невероятные истории, которые в корне меняют представление о профессии журналиста и о жизни в целом»

Ренат Ташкинбаев родился в 1984 году в городе Петропавловск. Учился в средней школе № 7. В школьные годы у Рената было хобби рассказывать разные истории и он понимал ,что по душе только творческая профессия.

После окончания школы Ренат поступил в Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева на кафедру «Журналистика». В Вузе студент познакомился с творческой студией «Парасат» на которой освоил работу в газете и на телевидении. На 1 и 2 курсах студент внештатно писал статьи в газеты: «Неделя СК», «Добрый вечер» и «Северный Казахстан». Однажды Ренату пришлось написать публикацию, в которой он рассказал о жизни бездомных людей. Классический жанр оказался по душе Ренату Ташкинбаеву. После университета журналист год отработал в издательстве «Северный Казахстан», писал заметки о селах и районах. В 2007 году Ренат переехал в Астану и начал работу на новостном телеканале, где создавал репортаже о работе правительства. С 2011 по 2022 год писал для «Tengri News». Сейчас журналист решил снова начать рассказывать истории о жизни людей в разных уголках Казахстана. Ренат с камерой выезжает за пределы Астаны, в села и аулы, и ,таким образом ,за несколько лет объехал все регионы со своим творческим проектом «Другие места». Все материалы журналист публикует на платформе YouTube.

Ренат Ташкинбаев: «Недавно я посетил поселок Жезды, он уникален тем, что во многом Великая Отечественная война была выиграна за счет марганца, который добывали в этом поселке, сейчас это городок призрак»

В каждом доме, ауле и городе есть своя история, которую Ренат с большим удовольствием хочет узнать и донести до наших земляков.

Аделина Завьялова

Нам 25, и всё ещё только начинается….

Когда я планировала писать этот материал, думала, что расскажу о том, как и с чего всё начиналось, кто стоял у истоков журналистики в 1997 году, но потом решила, что напишу о тех, кто только пришёл на первый курс, так как, именно они являются продолжателями традиции, заложенной 25 лет назад. А ветераны труда и действующие педагоги поделятся своим опытом в следующих номера. Не даром говорят, «молодым везде у нас дорога»…

Первые дни осени на удивление оказались тёплыми, широко раскрыв объятия встретили первокурсников специальности «Журналистика» и стены родного мне вуза и педагоги в ожидании нового набора. Ребята с удовольствием поделились с нами своими впечатлениями. И по рассказам понятно, что для кого-то краткость – сестра таланта, а кто-то готов поразмыслить о сущности будущей профессии.

Альфия Габдрахманова – «Первый день в университете всегда волнительный. Для первокурсников это новый этап в жизни. Как правило, в этот день может произойти, что- то такое, что в корне изменит жизнь. Для меня это был важный день! Я нашла новых друзей, познакомилась с преподавателями. Нам провели экскурсию и рассказали про историю нашего университета».

Радион Игнатов - «Хотел после конца обучения в школе учиться на журналиста, и вот чудо это случилось. Первые впечатления университет оставил положительные, старые массивные корпуса, новый коллектив, другие преподаватели. Всё очень комфортно и приятно, пока мне мало что понятно, но со временем думаю я освоюсь. Так как я уже поступил и начал обучение по этой специальности, хотелось бы «загадать на будущее». Так как, я не очень люблю камеру, я хотел бы быть газетчиком, работать с материалом, возможно брать интервью, но без съёмки, на диктофон, анализировать и собирать информацию так, чтобы читатель с «аппетитом» читал строку за строкой».

Дархан Абай - «1 сентября прошел очень хорошо, и очень сильно мне запомнился как старшекурсники выступали с концертной программой. Появились новые друзья. Вот так завершился первый день моей студенческой жизни».

Валерия Децук – «Мой первый день был довольно красочный и интересный.

Присоединение в новый коллектив, знакомства с преподавателями очень легко дается, надеюсь так и пойдёт дальше. Конечно не привычно после школьной скамьи отсиживать пары, но оно того стоит! Моя мечта работать в телевидении и быть квалифицированным специалистом, я понимаю как это будет сложно, но я буду стремиться к этому»!

Дарина Качодян – «Наступил мой первый день в университете. Я поступила на кафедру журналистики, и, стала настоящей студенткой, которая будет учиться на своём любимом факультете. Сегодня я первый раз сидела за партой, в новом для меня месте и городе, с новыми сокурсниками. Все стараются друг другу помогать, и никогда не отказывают в трудной ситуации. Еще не скоро начнётся пора экзаменов, что говорит о знакомстве со студенческой жизнью и городом поближе. На занятиях мы уже познакомились с преподавателями, и делали первые задания. Я надеюсь, что такое хорошее впечатление об учёбе в университете останется со мной надолго».

Амир Ливаза – «Первое впечатление от университета это вступление во взрослую жизнь, самостоятельность, где все зависит от тебя. Новые знакомства, новые люди, появление многих возможностей. Впечатление от новизны, все становится в новинку».

(Окончание на 14 стр.).

Ирина Мерк – «Как же прошёл мой первый день в университете ? все началось с линейки которая как положено проходила 1 сентября, именно там, мы познакомились со своими одногруппниками. Мое первое впечатление об университете - «какой он большой, целых 9 корпусов, как здесь не потеряться…», но все страхи улетучились в первый день учёбы, именно в этот день мы с одногруппниками помогали и поддерживали друг друга, мне было интересно познакомиться с новыми преподавателями, интересно было послушать занятия по тем предметам которые нам не преподавали в школе, в будущем я стану профессионалом своего дела, телевизионным журналистом, я люблю камеру, люблю общение с людьми и мне интересно всё, что происходит вокруг нас, именно все это, совмещает профессия телевизионного журналиста, возможно, я бы себя попробовала и в издательстве, но сейчас это просто мечты, впереди ещё 4 года и все может поменяться как и в лучшую так и в худшую сторону».

Мария Самойленко – «В жизни каждого человека есть несколько моментов, когда ему предстоит войти в здание нового учебного заведения, будь то школа, колледж или университет. И в каждом из них необходимо побывать лишь раз. В первый день, как правило, может произойти такое, что запомнится на всю жизнь и может в корне изменить жизнь - в большинстве случаев в лучшую сторону. У меня же, в первый день в стенах университета ничего примечательного не случилось, но тем не менее 1 сентября я почти всех узнала, и очень надеюсь на то, что найду общий язык со всеми одногруппниками. В этот день было очень много лиц, как знакомых, так и нет. Наша группа после линейки собралась на кафедре, мы все были такими разными, а это даже очень хорошо, потому что будем узнавать друг у друга ту информацию, которую не слышали. На последок, хотела бы сказать, что это 1 сентября мне запомнилось лучше всего, это незабываемые эмоции».

Милана Озиева – «Мой путь в деятельности журналистики начался со слов моего окружения, что интересная информация – моё призвание. Эти слова меня настолько сильно зацепили, что я задумалась о том, как бы я это доносила до другого человека. Для меня основной целью является то, что я могу чем-то интересоваться, но при этом передавать свои мысли сторонникам. Всё очень лаконично, но при этом я стараюсь сопровождать это фактами. Моё поступление и первый день в университете прошли на отличной ноте, что для меня является чем-то крайне удивительным.

(Окончание. Начало на 13 стр.).

Валерия Кошикова – «Мой первый день в университете прошёл отлично. Мне понравилась эта университетская суета, хождение по корпусам. Каждый корпус выглядит по-разному, где-то хорошо и уютно, а где-то чувствуешь себя наедине с самим собой. Самое интересное время - это обеденное, когда все студенты идут в столовую, общаются между собой и узнают друг о друге что-то новое. Надеюсь, в университете я сдружусь со всеми своими одногруппниками, и буду учиться на одни высшие баллы».

Нуриля Набиева – «Мой первый день в университете прошёл замечательно. Я всегда считала, что именно студенческая жизнь, самый счастливый период в жизни каждого человека. Поэтому, я очень давно хотела покинуть школьную скамью, и вступить в студенческую жизнь. И вот, настал тот самый момент, когда я официально могу назвать себя студенткой, которая поступила на желаемую профессию. Придя в университет, я от-крыла для себя много новых знакомств, встретилась с одно-классниками, которые тоже смогли поступить. Новые препо-даватели, новая жизнь ждёт меня впереди. 1 сентября прошли кураторские часы, нам объяснили все правила, рассказали об организациях, которые есть в университете, было очень интересно. Я очень довольна выбором своего университета».

Камила Иргизбаева – «Мой первый день в университете. Вот и наступило первое сентября, когда необходимо идти в университет. Я поступила на кафедру журналистики. Когда после школы пред-стоял выбор профессий, я расстроилась, и не знала, что мне будет по душе. С выбором профессии, мне помог мой старший брат, который так же отучился на журналиста. Он рассказал о плюсах и минусах этой профессий, так же сказал, что именно эта профессия объединяет все мои увлечения и хобби. И я загорелась желанием поступить именно туда. Ещё до первого дня в университете, у меня появился страх и волнение, я очень сильно переживала что не смогу найти общий язык с ребятами. Но когда я пришла, моё волнение сразу отступило, ведь все ребята оказались открытые на общение, но при этом они все абсолютно разные. Большинство из них я вижу впервые, все кажутся ужасно умными и уверенными в себе. Я очень рада что поступила именно сюда, мой выбор меня не разочаровал»!

Татьяна Морозова
старший преподаватель кафедры "Журналистика"

РОЛЬ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ В ЖИЗНИ СТУДЕНТОВ

В нынешней мимолётной жизни важно сохранять психологическое здоровье, поскольку от него зависит продуктивность учебной деятельности.

В Северо-Казахстанском университете имени Манаша Козыбаева непрерывно ведёт свою работу психологическая служба. Её специалисты борятся с актуальными коммуникативными проблемами подростков. Это способствует социальной адаптации, созданию соответствующих межличностных отношений и комфортных условий жизни. Записаться на приём можно по телефону +7 (715-2) 49-30-35.

Кроме того, с 22 сентября начинает действовать психологический клуб. Главной целью которого является создание группы для встреч, общения и проведения досуга между студентами. Основным специалистом является представитель "Центра личности" в городе Петропавловск и единственный практический детский психолог в Северо-Казахстанской области Гейн Мария Владимировна.

Наиболее продуктивной считается ведущая деятельность, осуществляемая через групповые занятия. Организаторы психологического клуба считают, что данный подход позволит улучшить эмоциональное состояние студентов и качество обучения.

Екатерина Офан



• ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«CLIMATE WEEK» ФЕСТИВАЛІНДЕ ГРАН-ПРИ ИЕГЕРЛЕРІ

«ПАРАСАТ»
газеті

МЕНШІК ИЕСІ:
«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

БАСПАГЕР:
«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ
тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:
Мырзантай Жақып.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:
Гүлшара Мұхаметжан.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі, №6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы №KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.
Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.
Газет ай сайын шығады.
Таралымы: 10 дана.
Тапсырыс №97.

Газета
«ПАРАСАТ»

СОБСТВЕННИК:
Некоммерческое акционерное общество «Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:
Кафедра «Журналистика» факультета истории, экономики и права НАО «СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
Мырзантай Жакып.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:
Гүлшара Мұхаметжан.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
150000, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Магжана Жумабаева, дом 114, учебный корпус №6, кабинет 215, редакция «Парасат».

Свидетельство о постановке на переучёт №KZ73VPY00042947 выдано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.
Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.
Газета выходит 1 раз в месяц.
Тираж: 10 экземпляров.
Заказ №129.

Жоғары оқу орнымыздағы Агротехнологиялық факультеттің және Математика және жаратылыстану ғылымдары факультетінің студенттері Назарбаев Университетінде жыл сайынғы «Climate week» фестиваліне қатысты. Бұл іс-шара Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жастардың басын қосты және ол тұрақты даму тақырыптарын, атап айтқанда, геоэкологиялық мәселелерді және қоршаған ортаны қорғауды басқаруды насихаттауға бағытталған.

Шараға 15 команда, солардың ішінде біздің Қозыбаев университеті құрамасынан Мария Юрова, Айман Сағитова, Дариға Толоспай және Сабина Бригазина қатысты.

Алғашқы күні қатысушылар елордалық университет пен Мәскеу мемлекеттік университеті профессорларының дәрістерін тыңдады. Олар «Green Society» қоршаған ортаны қорғауға арналған тимбилдингте Назарбаев Университеті кампусымен, технопарк жұмысымен танысты.

Қатысушылар саяхаттарын Бурабай ауданындағы «Aq maral» марал өсіру зауытының аумағында жалғастырды. Бурабайға саяхат жасау барысында ойындар, садақ ату, атқа міну, арқан тарту және басқа да көптеген танымдық шаралар ұйымдастырылды.

Студенттер этноауылдың киіз үйлерінде тұрды. Өз кезегінде бұл саяхатқа ерекше сән беріп, балалар жидектер мен дәрілік өсімдіктерді, саңырауқұлақтарды теруге мүмкіндік алды.

Фестивальдің ең маңызды тұсы «Eco city» байқауы. Қатысушылар өз аймақтарындағы экологиялық және туристік жағдайды жақсартуға бағытталған жобаларын ұсынуы тиіс болды. Университетіміздің білім алушылары «Jasyl aimaq» жобасын қорғап, Бас жүлдені жеңіп алды!

Студенттерімізді құттықтаймыз және табыстар мен жаңа жеңістер тілейміз!

#KozybayevUniversity#KU
www.nku.edu.kz

Қымбатты оқырмандар!
Құрметті Kozybayev University оқытушылар, студенттер мен қызметкерлері, сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттермен суреттелген қызықты және көрнекті адамдар, өзекті оқиғалар туралы әңгімелер, өзекті тақырыптарға материалдарыңызды жіберіңіздер.

Дорогие читатели!
Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University, приглашаем вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.